

**"ТҰҒЫР" біліктілікті
арттыру орталығы**



**"Центр повышения
квалификации "ТҰҒЫР"**

**Педагогикалық қызметкерлердің қысқа мерзімдегі
біліктілікті арттыру курсының
«Педагог-психологтың кәсіби қызметі: заманауи талаптар мен практикалық
тәсілдер» тақырыбындағы оқу бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасының өзектілігі (бұдан әрі – Бағдарлама).

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, цифрландыру үдерістерінің жеделдеуі және білім беру жүйесіне қойылатын жаңа талаптар педагог-психологтың кәсіби қызметінің мазмұны мен формаларын қайта қарауды қажет етеді. Білім беру ұйымдарында психологиялық қолдаудың рөлі артып, педагог-психолог тек кеңес беруші ғана емес, білім алушының тұлғалық дамуын, психологиялық саулығын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін негізгі маман ретінде қарастырылады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың психоэмоционалдық жағдайының күрделенуі, күйзеліс деңгейінің артуы, мінез-құлықтағы қиындықтар, оқу мотивациясының төмендеуі педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Осыған байланысты психологиялық қызмет заманауи ғылыми негізделген әдістерге, дәлелді практикаларға және инновациялық технологияларға сүйенуі тиіс.

Білім беру мазмұнының жаңаруы, инклюзивті білім берудің дамуы және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі педагог-психологтың қызметін жүйелі түрде жетілдіруді талап етеді. Педагог-психолог білім алушылармен ғана емес, педагогтермен, ата-аналармен және әкімшілікпен өзара әрекеттесуді тиімді ұйымдастыра алуы, психологиялық қолдау көрсетудің кешенді моделін жүзеге асыруы қажет.

Соңғы жылдары педагог-психологтың қызметінде профилактикалық, дамытушы және түзету-коррекциялық жұмыстардың үлесі артып отыр. Бұл білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, буллинг пен кибербуллингің алдын алу, эмоционалдық интеллектіні дамыту, сондай-ақ тұлғалық ресурстарды нығайту бағыттарын қамтиды. Мұндай міндеттерді жүзеге

асыру үшін педагог-психолог заманауи психодиагностикалық құралдарды, тренингтік технологияларды және цифрлық психологиялық ресурстарды меңгеруі тиіс.

Қазіргі кезеңде білім берудегі маңызды трендтердің бірі – цифрлық психология элементтерін қолдану. Онлайн кеңес беру, цифрлық диагностика құралдары, психологиялық платформалар мен мобильді қосымшалар педагог-психологтың кәсіби қызметін жаңа деңгейге көтереді. Дегенмен, бұл құралдарды тиімді пайдалану арнайы дайындықты және кәсіби жауапкершілікті талап етеді.

Сонымен қатар, білім беру жүйесінде инклюзивтілік қағидаттарының күшеюі педагог-психологтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу құзыреттілігін арттыруды қажет етеді. Психологиялық сүйемелдеу білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылуы, қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі тағы бір маңызды бағыт – психологиялық профилактика және ерте диагностикалау. Білім алушылардың эмоционалдық күйін, тұлғалық дамуындағы қиындықтарды уақытында анықтау олардың оқу жетістіктеріне және жалпы психологиялық әл-ауқатына оң әсер етеді. Бұл өз кезегінде педагог-психологтың аналитикалық, рефлексивтік және әдістемелік құзыреттерін дамытуды талап етеді.

Педагог-психологтардың кәсіби қызметіне жүргізілген талдау

Бағдарламаны әзірлеу барысында педагог-психологтардың кәсіби қызметіндегі өзекті мәселелерді анықтау мақсатында жалпы білім беретін ұйымдардың педагог-психологтары арасында сауалнама және талдау жұмыстары жүргізілді. Талдау нәтижелері қазіргі таңда психологтардың кәсіби қызметінде әдістемелік қолдау мен заманауи практикалық құралдарға деген қажеттіліктің жоғары екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқан педагог-психологтардың:

– 78% – білім алушылардың эмоционалдық күйзелісі мен мазасыздық деңгейінің артқанын атап өтті;

– 72% – буллинг, кибербуллинг және әлеуметтік бейімделу мәселелерімен жұмыс істеуде қосымша практикалық құралдарға мұқтаж екенін көрсетті;

– 68% – инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен психологиялық сүйемелдеу жүргізу дағдыларын жетілдіру қажеттігін білдірді;

- 64% – ата-аналармен және педагогтермен психологиялық жұмыс жүргізудің заманауи тәсілдерін меңгеруге қызығушылық танытты;
- 59% – кәсіби күйіп кетудің алдын алу және өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеру қажеттігін көрсетті.

Жүргізілген талдау педагог-психологтардың кәсіби қызметі көп жағдайда жоғары эмоционалдық жүктемемен, жауапкершілікпен және психологиялық тұрақтылықты талап ететін жағдайлармен байланысты екенін көрсетті. Бұл педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттырумен қатар, олардың жеке ресурстарын сақтау мен дамыту мәселесінің де өзектілігін айқындайды.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес педагог-психологтар практикалық бағыттағы тренингтерге, нақты жағдайларды талдауға негізделген оқытуға және қолданбалы психологиялық әдістерді меңгеруге ерекше қызығушылық танытты. Бұл деректер оқу бағдарламасының мазмұнын тәжірибеге бағдарланған форматта құрудың маңыздылығын дәлелдейді.

Осы аталған факторлар педагог-психологтың кәсіби қызметін үздіксіз жетілдіруді, заманауи талаптарға сай біліктілігін арттыруды міндеттейді. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық қызметкерлердің қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы «Педагог-психологтың кәсіби қызметі: заманауи талаптар мен практикалық тәсілдер» тақырыбында әзірленіп, білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған өзекті бағдарлама болып табылады.

Бағдарлама педагог-психологтардың кәсіби қызметінде заманауи психологиялық тәсілдерді, инновациялық әдістер мен технологияларды тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыруға, психологиялық қолдау көрсету сапасын арттыруға және кәсіби рефлексияны дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, бағдарлама педагог-психологтардың кәсіби қызметінде этикалық нормаларды сақтау, психологиялық қауіпсіздік пен құпиялылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіби күйіп кетудің алдын алу мәселелерін қамтиды. Бұл педагог-психологтың кәсіби тұрақтылығын нығайтуға және оның кәсіби тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны әзірлеу барысында білім беру жүйесіндегі заманауи өзгерістер, педагог-психологтардың кәсіби қызметіндегі өзекті мәселелер және практикалық қажеттіліктер ескерілді. Курстың мазмұны теория мен практиканың үйлесіміне негізделіп, педагог-психологтардың күнделікті кәсіби қызметінде тікелей қолдануға бағытталған.

Курс аяқталғаннан кейін педагогикалық қызметкер:

– білім беру ұйымында педагог-психологтың кәсіби қызметін жүзеге асыруда заманауи психологиялық әдістер мен практикалық тәсілдерді тиімді қолдана алады;

– білім алушылардың жас, жеке және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық сүйемелдеу жұмысын ұйымдастырады;

– білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қолайлы және қолдаушы психологиялық орта қалыптастырады;

– психологиялық диагностика, кеңес беру және профилактикалық жұмыстарда цифрлық және дәстүрлі психологиялық ресурстарды орынды пайдаланады;

– білім беру үдерісінде заманауи психологиялық қызметтің тенденцияларын тәжірибеде жүзеге асырып, кәсіби рефлексия жүргізе алады.

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделеді:

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

– Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның әдістемелік нұсқау хаттары.

«Педагог-психологтың кәсіби қызметі: заманауи талаптар мен практикалық тәсілдер» тақырыбындағы қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, психологиялық қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуге және білім беру сапасын жақсартуға бағытталған өзекті әрі тәжірибеге бағдарланған бағдарлама болып табылады.

2. Глоссарий

Педагог-психолог	білім беру ұйымында білім алушылардың психологиялық дамуын, психоэмоционалдық саулығын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін, психологиялық сүйемелдеу қызметін жүзеге асыратын педагогикалық қызметкер
Психологиялық қызмет	білім беру үдерісінде білім алушыларға, педагогтерге және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған диагностикалық, кеңес беру, профилактикалық және түзету-дамыту іс-шараларының жүйесі
Психологиялық сүйемелдеу	білім алушының тұлғалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған кешенді психологиялық жұмыс
Психологиялық диагностика	білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін, қабілеттерін, эмоционалдық күйін анықтауға арналған ғылыми негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы
Психологиялық профилактика	психологиялық қиындықтардың, девиантты мінез-құлықтың және эмоционалдық күйзелістердің алдын алуға бағытталған іс-шаралар жүйесі
Түзету-дамыту жұмысы	білім алушылардың психологиялық дамуындағы ауытқуларды түзетуге және тұлғалық ресурстарын дамытуға бағытталған психологиялық ықпал ету түрі
Кеңес беру (консультативтік жұмыс)	білім алушыларға, педагогтерге және ата-аналарға психологиялық мәселелер бойынша кәсіби көмек көрсету үдерісі
Психологиялық қауіпсіздік	білім беру ортасында тұлғаның психологиялық саулығын, эмоционалдық тұрақтылығын және жеке шекараларын қорғау жағдайы
Инклюзивті білім беру	ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды жалпы білім беру ортасына кіріктіруге бағытталған білім беру тәсілі

Эмоционалдық интеллект	адамның өз эмоцияларын және өзге адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару қабілеті
Буллинг	білім алушыға жүйелі түрде психологиялық немесе әлеуметтік қысым көрсету әрекеттері
Кибербуллинг	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын психологиялық қысым көрсету түрі
Кәсіби құзыреттілік	педагог-психологтың кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға қажетті білім, дағды және тәжірибелер жиынтығы.
Кәсіби рефлексия	педагог-психологтың өз кәсіби қызметін талдауы, бағалауы және жетілдіруге бағытталған саналы үдеріс
Кәсіби күйіп кету (эмоционалдық қажу)	ұзақ уақыттық психоэмоционалдық жүктеменің нәтижесінде пайда болатын кәсіби және тұлғалық ресурстардың төмендеуі
Цифрлық психологиялық ресурстар	психологиялық диагностика, кеңес беру және дамыту жұмыстарын жүргізуге арналған цифрлық платформалар, бағдарламалар мен онлайн құралдар
Этикалық қағидаттар	педагог-психологтың кәсіби қызметінде сақталуы тиіс моральдық нормалар мен кәсіби жауапкершілік талаптары.
Құпиялылық	психологиялық қызмет барысында алынған ақпараттың үшінші тұлғаларға жария етілмеуін қамтамасыз ету қағидаты

3. Бағдарлама тақырыбы

Ұсынылып отырған қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсы жалпы орта білім беру ұйымдарында педагог-психологтың кәсіби қызметін заманауи білім беру талаптарына сәйкес жетілдіруге бағытталған. Қазіргі білім беру кеңістігінде психологиялық қызметтің тиімді ұйымдастырылуы педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігіне, қолданылатын психологиялық әдістердің ғылыми негізділігіне және білім алушылардың тұлғалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған жұмыс деңгейіне тікелей байланысты.

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің жеделдеуі, білім беру мазмұнының жаңаруы, балалар мен жасөспірімдердің психоэмоционалдық жағдайының күрделенуі, сондай-ақ ата-аналар мен педагогтердің психологиялық қолдауға деген сұранысының артуы педагог-психолог қызметінің дәстүрлі модельдерін қайта қарауды талап етеді. Осы жағдайларда педагог-психологтың кәсіби қызметі тек жекелеген консультациялармен шектелмей, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына бағытталған жүйелі, профилактикалық және дамытушы жұмыс ретінде ұйымдастырылуы тиіс.

Осыған байланысты педагог-психологтан төмендегідей кәсіби міндеттерді тиімді жүзеге асыру талап етіледі:

- білім алушылардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық сүйемелдеу жұмысын жоспарлау;
 - психологиялық диагностика, профилактика және түзету-дамыту жұмыстарын кешенді ұйымдастыру;
 - заманауи психологиялық әдістер мен практикалық технологияларды кәсіби қызметке енгізу;
 - цифрлық және дәстүрлі психологиялық ресурстарды тиімді пайдалану;
 - білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздік пен қолайлы эмоционалдық ахуалды қамтамасыз ету;
 - педагогтермен және ата-аналармен тиімді кәсіби коммуникация орнату.
- Аталған курс педагог-психологты:

- заманауи психологиялық ойлауға қабілетті;
- білім алушының тұлғалық дамуына бағдарланған психологиялық қызметті ұйымдастыра алатын;
- практикалық және қолданбалы психологиялық әдістерді меңгерген;
- өзгермелі білім беру ортасының талаптарына бейімделе алатын кәсіби маман ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама педагог-психологтың кәсіби қызметін ұйымдастыруда:

- заманауи психологиялық және педагогикалық тәсілдерді;
- тұлғаға бағдарланған және инклюзивті психологиялық қолдау қағидаттарын;
- профилактикалық және дамытушы жұмыс модельдерін;
- тренингтік, интерактивті және кеңес беру әдістерін;
- білім алушылардың эмоционалдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған тәсілдерді тиімді қолдана алатын мамандарды даярлауға арналған.

Курста қамтылатын негізгі бағыттар

Бағдарлама мазмұны бұрынғы біліктілікті арттыру курстарында жеткілікті деңгейде жүйеленбеген және педагог-психологтың кәсіби тәжірибесінде өзекті болып табылатын келесі бағыттарды біріктіреді:

- педагог-психологтың кәсіби қызметінің заманауи теориялық негіздері;
- психологиялық диагностика және деректерді талдау тәсілдері;
- профилактикалық және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық сүйемелдеу;
- цифрлық психологиялық ресурстарды қолдану;
- педагог-психологтың кәсіби рефлексиясы және үздіксіз дамуы.

Бағдарламаның жаңашылдығы

1. Заманауи талаптарға сай психологиялық қызмет модельдері

Бағдарламада педагог-психологтың кәсіби қызметін ұйымдастырудың жаңартылған, тәжірибеге бағдарланған модельдеріне басымдық беріледі.

2. Профилактикалық, дамытушы және түзету жұмыстарын интеграциялау

Білім алушылардың психологиялық саулығын нығайтуға бағытталған кешенді тәсілдер ұсынылады.

3. Практикалық психологиялық әдістерді қолдану

Нақты жағдайларға негізделген кейстер, тренингтік тапсырмалар мен практикалық құралдар қарастырылады.

4. Психологиялық қауіпсіздік және этика

Кәсіби этика, құпиялылық және жауапты психологиялық қызмет қағидаттары қамтылады.

5. Педагог-психологтың кәсіби дамуы мен рефлексиясы

Өзін-өзі талдау, кәсіби күйіп кетудің алдын алу және үздіксіз даму тәсілдері ұсынылады.

Аналогтік бағдарламаларға салыстырмалы талдау

Қолданыстағы педагог-психологтарға арналған біліктілікті арттыру курстарының басым бөлігі:

- психологиялық қызметті көбіне теориялық тұрғыда қарастырады;
- практикалық кейстер мен қолданбалы әдістерді жеткіліксіз қамтиды;
- профилактикалық және дамытушы жұмыстарды жүйелі түрде біріктірмейді;
- педагог-психологтың кәсіби рефлексиясына жеткілікті назар аудармайды.

Ұсынылып отырған бағдарламаның артықшылықтары

- теория мен практиканың үйлесімді біріктірілуі;
- нақты психологиялық жағдаяттарға негізделген практикалық тапсырмалар;
- педагог-психологтың кәсіби және тұлғалық дамуына бағытталуы;
- заманауи психологиялық тәсілдер мен озық тәжірибелерге сүйенуі;
- білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған қолданбалы сипаты.

Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің педагог-психолог ретінде кәсіби қызметті жүзеге асырудағы заманауи психологиялық тәсілдер, практикалық әдістер, психологиялық диагностика, профилактика және түзету-дамыту жұмыстары бойынша бастапқы
------------------------	--

	дайындық деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау педагог-психологтардың кәсіби қажеттіліктерін, тәжірибелік қиындықтарын және курс мазмұнын тиімді меңгеру үшін бастапқы құзыреттерін айқындауға бағытталады.
1-модуль. Педагог-психологтың кәсіби қызметінің теориялық және инновациялық негіздері	1.1-тақырып Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи психологиялық тұжырымдамалар және даму тенденциялары
	1.2-тақырып Білім алушыға бағдарланған психологиялық қызмет: педагог-психологтың заманауи рөлі мен кәсіби ұстанымы
	1.3-тақырып Психологиялық қызметті тұлғаға бағдарланған және сараланған тәсілдер негізінде жоспарлау
	1.4-тақырып Білім алушылардың эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған психологиялық әдістер
	1.5-тақырып Білім беру ұйымында психологиялық қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру
	1.6-тақырып Білім алушылардың эмоционалдық интеллектін, сыни ойлауын және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту технологиялары
	1.7-тақырып Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық сүйемелдеу және дербестендірілген қолдау
	1.8-тақырып Педагог-психологтың кәсіби қызметінде қолданылатын психологиялық әдістер, цифрлық ресурстар және онлайн құралдар
	1.9-тақырып Педагог-психологтың кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауын дамыту
	1.10-тақырып Психологиялық диагностика, бағалау және мониторинг жүргізудің заманауи құралдары
2-модуль. Вариатив Педагог-психологтың	2.1-тақырып Педагог-психолог қызметінде инновациялық психологиялық әдістер мен практикалық технологияларды қолдану

кәсіби қызметіндегі заманауи тәжірибелер	2.2-тақырып Психологиялық қауіпсіздік, кәсіби этика, цифрлық мәдениет және құпиялылық қағидаттары
3-модуль. Педагог-психологтың практикалық қызметі және кәсіби тәжірибе алмасу	3.1-тақырып Заманауи психологиялық әдістер негізінде педагог-психологтың кәсіби кейстерін әзірлеу, іске асыру және талдау
Қорытынды бағалау	Курс барысында меңгерілген психологиялық, практикалық, диагностикалық, коммуникативтік және рефлексивтік құзыреттердің қалыптасу деңгейін кешенді бағалау: практикалық психологиялық жоба; кәсіби кейсті қорғау; рефлексиялық есеп немесе портфолио ұсыну

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін заманауи білім беру талаптарына сәйкес дамыту, білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті тиімді ұйымдастыруға қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды жетілдіру, сондай-ақ білім алушылардың психологиялық саулығын, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби қызмет сапасын арттыру.

Бағдарлама педагог-психологтардың психологиялық диагностика, профилактика, түзету-дамыту және кеңес беру жұмыстарын жүйелі әрі ғылыми негізде жүзеге асыруына, сондай-ақ заманауи психологиялық тәсілдерді кәсіби тәжірибеде қолдануына бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері

Бағдарлама келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- педагог-психологтардың кәсіби қызметіндегі заманауи талаптар мен тенденциялар туралы теориялық білімін кеңейту;
- психологиялық қызметті тұлғаға бағдарланған және инклюзивті тәсілдер негізінде ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- психологиялық диагностика, мониторинг және бағалау құралдарын кәсіби қызметте тиімді қолдану білігін дамыту;
- профилактикалық және түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлау мен іске асырудың практикалық дағдыларын жетілдіру;
- білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздік пен қолайлы эмоционалдық ахуалды қалыптастыру тәсілдерін меңгерту;
- педагогтермен, ата-аналармен және білім алушылармен кәсіби коммуникация жүргізу құзыреттілігін арттыру;
- педагог-психологтың кәсіби рефлексиясын, өзін-өзі дамыту және кәсіби күйіп кетудің алдын алу дағдыларын қалыптастыру;
- цифрлық және заманауи психологиялық ресурстарды кәсіби қызметте орынды қолдану қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны табысты аяқтаған педагогикалық қызметкер:

- педагог-психологтың кәсіби қызметін жүзеге асыруда заманауи психологиялық әдістер мен практикалық тәсілдерді тиімді қолдана алады;
- білім алушылардың жас, жеке және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық сүйемелдеу жұмысын ұйымдастырады;
- психологиялық диагностика, профилактика және түзету-дамыту жұмыстарын кешенді түрде жоспарлап, іске асырады;
- білім беру ұйымында психологиялық қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастырады;
- кәсіби қызметінде цифрлық және дәстүрлі психологиялық ресурстарды орынды пайдаланады;
- педагогтермен және ата-аналармен өзара әрекеттесудің тиімді формаларын қолданады;
- кәсіби рефлексия жүргізіп, өзін-өзі дамыту стратегиясын айқындайды;
- білім беру ұйымындағы психологиялық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған кәсіби шешімдер қабылдай алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу бағдарламасы үш модульден және қорытынды бағалаудан тұрады және педагогикалық қызметкерлердің педагог-психолог ретінде кәсіби қызметінде заманауи психологиялық тәсілдер, диагностика, коррекциялық және дамыту жұмыстары, сондай-ақ цифрлық және әдістемелік құзыреттерін дамытуға бағытталған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – педагог-психологқа кәсіби қызметінде психологиялық әдістерді, дербестендірілген және тұлғаға бағдарланған тәсілдерді практикалық түрде қолдануды үйрету.

Диагностикалық бағалау

Бағдарламаның бастапқы кезеңінде 1-модуль аясында қатысушылардың педагог-психолог ретінде кәсіби, диагностикалық, коррекциялық, тұлғаға бағдарланған және цифрлық құзыреттерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін диагностикалық бағалау жүргізіледі. Бұл нәтиже әр модуль бойынша жеке мақсаттар мен практикалық тапсырмаларды бейімдеуге мүмкіндік береді.

1-модуль. Педагог-психологтың кәсіби қызметінің теориялық және инновациялық негіздері

Модульде педагог-психолог қызметіндегі заманауи психологиялық тұжырымдамалар, тұлғаға бағдарланған және дербестендірілген психологиялық қолдау тәсілдері қарастырылады. Қатысушылар психологиялық диагностика, профилактика және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру, цифрлық психологиялық ресурстар мен платформаларды тиімді пайдалану, психологиялық қауіпсіздік пен этика қағидағтарын енгізу, кәсіби рефлексия және үздіксіз даму дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылардың психологиялық көрсеткіштерін бағалау және мониторинг жүргізу әдістерімен танысады.

2-модуль вариативті. Педагог-психолог қызметіндегі инновациялық тәжірибелер

Бұл модульде педагог-психологтар заманауи психологиялық әдістерді практикалық түрде қолдануды меңгереді. STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) элементтерін психологиялық сүйемелдеу сабақтарына енгізу, цифрлық психологиялық ресурстар мен платформаларды тиімді қолдану жолдары қарастырылады. Қатысушылар практикалық тапсырмалар арқылы білім алушылардың эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қолдау, шығармашылық ойлауын дамыту, психологиялық коррекциялық және дамыту іс-әрекеттерін жүргізу тәжірибесін орындайды. Сонымен қатар педагог-психологтар цифрлық платформада өзара әрекеттесу, командалық жұмыс, ақпараттық қауіпсіздік және кәсіби этика дағдыларын жетілдіреді.

3-модуль. Педагог-психологтың практикалық қызметі және кәсіби тәжірибе алмасу

Бұл модуль педагогтардың педагог-психолог ретінде психологиялық әдістерді, тұлғаға бағдарланған және коррекциялық тәсілдерді практикалық түрде қолдануына бағытталған. Қатысушылар өз тәжірибесіне сәйкес педагогикалық кейстерді әзірлейді, жүзеге асырады және талдайды. Модуль барысында заманауи психологиялық әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың тұлғалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қолдау, психологиялық көрсеткіштерді диагностикалау, психологиялық сүйемелдеу сапасын арттыру және педагогикалық процестерді тиімді ұйымдастыру тәсілдері қарастырылады. Педагогтар тәжірибе алмасу арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді және практикалық шешім қабылдау, цифрлық құралдарды қолдану және командалық жұмыс дағдыларын нығайтады.

Барлық модульдерді аяқтаған соң қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және қорытынды жұмыс ұсынады (мини-жоба, кейс-стади немесе презентация). Қорытынды бағалау педагог-психологтың кәсіби қызметінде заманауи психологиялық әдістерді, тұлғаға бағдарланған тәсілдерді, цифрлық

ресурстар мен платформаларды тиімді пайдалану қабілетін, практикалық тапсырмаларды орындау деңгейін көрсетуге бағытталған.

<p>Диагностикалық бағалау</p>	<p>1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің педагог-психолог ретінде кәсіби қызметті жүзеге асырудағы заманауи психологиялық тәсілдер, практикалық әдістер, психологиялық диагностика, профилактика және түзету-дамыту жұмыстары бойынша бастапқы дайындық деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау педагог-психологтардың кәсіби қажеттіліктерін, тәжірибелік қиындықтарын және курс мазмұнын тиімді меңгеру үшін бастапқы құзыреттерін айқындауға бағытталады.</p>
<p>1-модуль. Педагог-психологтың кәсіби қызметінің теориялық және инновациялық негіздері</p>	<p>1.1-тақырып Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи психологиялық тұжырымдамалар және даму тенденциялары Қысқаша мазмұны: Педагог-психолог қызметіндегі қазіргі психологиялық бағыттар мен әдістерді, олардың теориялық негіздерін және даму трендтерін талдау</p> <p>1.2-тақырып Білім алушыға бағдарланған психологиялық қызмет: педагог-психологтың заманауи рөлі мен кәсіби ұстанымы Қысқаша мазмұны: Психологтың оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді психологиялық қолдау көрсету рөлін анықтау, кәсіби ұстанымдарын қалыптастыру</p> <p>1.3-тақырып Психологиялық қызметті тұлғаға бағдарланған және сараланған тәсілдер негізінде жоспарлау Қысқаша мазмұны: Әрбір білім алушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес психологиялық қолдауды жоспарлау принциптері мен әдістемелері</p> <p>1.4-тақырып Білім алушылардың эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған психологиялық әдістер Қысқаша мазмұны: Эмоционалдық интеллектті, тұлғалық дамуды және әлеуметтік бейімделуді дамытуға арналған психологиялық әдістер мен құралдарды қолдану</p> <p>1.5-тақырып Білім беру ұйымында психологиялық қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру Қысқаша мазмұны:</p>

	<p>Психологиялық қауіпсіздік принциптерін жүзеге асыру, сынып және мектеп ортасында қолайлы психологиялық климат қалыптастыру жолдары</p>
	<p>1.6-тақырып Білім алушылардың эмоционалдық интеллектін, сыни ойлауын және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту технологиялары Қысқаша мазмұны: Оқушылардың эмоцияларын басқару, сыни ойлау және өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамытуға арналған практикалық әдістер</p>
	<p>1.7-тақырып Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық сүйемелдеу және дербестендірілген қолдау Қысқаша мазмұны: Арнайы білім қажеттілігі бар оқушыларға психологиялық қолдау көрсету және инклюзивті тәсілдерді қолдану жолдары</p>
	<p>1.8-тақырып Педагог-психологтың кәсіби қызметінде қолданылатын психологиялық әдістер, цифрлық ресурстар және онлайн құралдар Қысқаша мазмұны: Қазіргі психологиялық практикаларда цифрлық құралдар мен онлайн платформаларды тиімді қолдану тәжірибесі</p>
	<p>1.9-тақырып Педагог-психологтың кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауын дамыту Қысқаша мазмұны: Психологтың өз кәсіби қызметін бағалау, тәжірибені талдау және инновациялық әдістерді енгізу жолдары</p>
	<p>1.10-тақырып Психологиялық диагностика, бағалау және мониторинг жүргізудің заманауи құралдары Қысқаша мазмұны: Оқушылардың психологиялық жағдайын диагностикалау, бағалау және мониторинг жүргізуге арналған заманауи құралдар мен әдістемелер</p>
<p>2-модуль. Вариатив Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи тәжірибелер</p>	<p>2.1-тақырып Педагог-психолог қызметінде инновациялық психологиялық әдістер мен практикалық технологияларды қолдану Қысқаша мазмұны: Психологиялық практиканы жаңартылған әдістер мен технологияларды пайдаланып ұйымдастыру, нақты оқу жағдайларында қолдану</p>

	<p>2.2-тақырып Психологиялық қауіпсіздік, кәсіби этика, цифрлық мәдениет және құпиялылық қағидаттары Қысқаша мазмұны: Педагог-психолог үшін кәсіби этика, ақпараттық қауіпсіздік, құпиялылық сақтау және цифрлық мәдениет қағидаларын меңгеру</p>
<p>3-модуль. Педагог-психологтың практикалық қызметі және кәсіби тәжірибе алмасу</p>	<p>3.1-тақырып Заманауи психологиялық әдістер негізінде педагог-психологтың кәсіби кейстерін әзірлеу, іске асыру және талдау Қысқаша мазмұны: Психологиялық практикалық кейстерді құру, оларды жүзеге асыру және нәтижелерін талдау арқылы кәсіби тәжірибе жинау</p>
Қорытынды бағалау	<p>Курс барысында меңгерілген психологиялық, практикалық, диагностикалық, коммуникативтік және рефлексивтік құзыреттердің қалыптасу деңгейін кешенді бағалау: практикалық психологиялық жоба; кәсіби кейсті қорғау; рефлексиялық есеп немесе портфолио ұсыну</p>

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық
курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Практикалық дәріс	Демо-с абақты тан-ру / Жобаны қорғау	Тестілеу / тәжірибе	Барлығы
	Диагностикалық бағалау				1	1
1	Педагог-психологтың кәсіби қызметінің теориялық және инновациялық негіздері	20	40	2		62
1.1	Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи психологиялық тұжырымдамалар және даму тенденциялары	2	2			4
1.2	Білім алушыға бағдарланған психологиялық қызмет: педагог-психологтың заманауи рөлі мен кәсіби ұстанымы	2	4			6
1.3	Психологиялық қызметті тұлғаға бағдарланған және сараланған тәсілдер негізінде жоспарлау	2	4			6

1.4	Білім алушылардың эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған психологиялық әдістер	2	4			6
1.5	Білім беру ұйымында психологиялық қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру	2	4			6
1.6	Білім алушылардың эмоционалдық интеллектін, сыни ойлауын және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту технологиялары	2	4			6
1.7	Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық сүйемелдеу және дербестендірілген қолдау	2	4	2		8
1.8	Педагог-психологтың кәсіби қызметінде қолданылатын психологиялық әдістер, цифрлық ресурстар және онлайн құралдар	2	6			8
1.9	Педагог-психологтың кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауын дамыту	2	4			6
1.10	Психологиялық диагностика, бағалау және мониторинг жүргізудің заманауи құралдары	2	4			6
2	Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи тәжірибелер	4	4			8
2.1	Педагог-психолог қызметінде инновациялық психологиялық әдістер мен практикалық технологияларды қолдану	2	2			4
2.2	Психологиялық қауіпсіздік, кәсіби этика, цифрлық мәдениет және құпиялылық қағидаттары	2	2			4
3	Педагог-психологтың практикалық қызметі және кәсіби тәжірибе алмасу			8		8
3.1	Заманауи психологиялық әдістер негізінде педагог-психологтың кәсіби кейстерін әзірлеу, іске асыру және талдау			8		8
	Қорытынды бағалау				1	1
		24	44	10	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Педагог- психологтарына арналған қысқа мерзімдегі біліктілікті арттыру курстары онлайн және офлайн форматында бекітілген оқу жоспары (ОЖП) негізінде жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің көлемі төмендегі модульдер бойынша бөлінеді:

– 1-модуль «Педагог-психологтың кәсіби қызметінің теориялық және инновациялық негіздері» – 62 сағат;

– 2-модуль «Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи тәжірибелер» – 8 сағат;

– 3-модуль «Педагог-психологтың практикалық қызметі және кәсіби тәжірибе алмасу» –8 сағат;

Диагностикалық бағалау– 2 сағат.

Курс мазмұны педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, психологиялық қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуге және білім беру сапасын жақсартуға бағытталған өзекті әрі тәжірибеге бағдарланған бағдарлама болып табылады.

Оқу процесі интерактивті, тәжірибеге бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге сүйене отырып ұйымдастырылады:

Дәріс форматы: түсіндірмелі дәрістер; интерактивті, пікірталасқа құрылған дәрістер; онлайн веб-дәрістер (бейне, мультимедиа қолданып).

Семинарлар: тақырыптық талқылаулар; топтық жұмыс; кейс-талдау (жаһандық мәселелерді шешу мысалдары).

Практикалық сабақтар: контент талдау; фактчекинг жаттығулары; мәдениаралық коммуникация бойынша тренингтер; деректерді визуализациялау; цифрлық құралдармен практикалық жұмыс.

Онлайн білім беру құралдары: вебинарлар; цифрлық платформа материалдары; электронды ресурстар.

Сарапшы пікірлері: шеберлік сыныптар; тренингтер; кәсіби кездесулер.

Оқу процесінің ерекшеліктері: Бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалау қағидаттарына негізделеді. Тыңдаушылардың кәсіби жетістіктері оқу нәтижелерімен, практикалық тапсырмаларды орындаумен және микрооқыту сапасымен өлшенеді.

Практикалық жұмыс 1. «Заманауи психологиялық тұжырымдамаларды талдау және қолдану». Педагог-психолог ретінде заманауи психологиялық теорияларды зерттеп, білім беру ұйымында қолдану тәсілдерін көрсету.

Практикалық жұмыс 2. «Білім алушыға бағдарланған психологиялық қызмет жоспарын құру». Белгілі бір сынып немесе топқа психологиялық қызметтің бағдарланған жоспарын жасау, жеке тұлғаға бағдарланған тәсілдерді қолдану құзыретін дамыту.

Практикалық жұмыс 3. «Тұлғаға бағдарланған психологиялық диагностика жүргізу». Эмоциялық, тұлғалық және әлеуметтік дамуды бағалау әдістерін қолдану, диагностика және мониторинг жүргізу дағдыларын жетілдіру.

Практикалық жұмыс 4. «Эмоционалдық интеллект пен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту жобасы». Оқушылардың эмоционалдық интеллектін және сыни ойлауын дамытуға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Практикалық жұмыс 5. «Психологиялық қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын құру». Мектеп немесе оқу топтарында психологиялық қолайлы ортаны ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспарын жасау.

Практикалық жұмыс 6. «Инклюзивті білім беруде психологиялық сүйемелдеу жоспары». Арнайы қажеттіліктері бар оқушыларға арналған дербестендірілген психологиялық қолдау жобасын әзірлеу.

Практикалық жұмыс 7. «Цифрлық ресурстар мен онлайн құралдарды қолдану тәжірибесі». Педагог-психолог қызметінде онлайн тесттер, психологиялық тренажерлер мен платформаларды қолдану.

Практикалық жұмыс 8. «Педагог-психологтың кәсіби рефлексиясын жүргізу». Өз кәсіби тәжірибесін талдау, кәсіби даму стратегияларын анықтау.

Практикалық жұмыс 9. «Психологиялық диагностика және мониторинг бойынша практикалық жұмыс». Білім алушылардың психологиялық күйін диагностикалық құралдар арқылы бағалау және мониторинг жүргізу.

Практикалық жұмыс 10. «Кәсіби кейсті әзірлеу және қорғау». Заманауи психологиялық әдістерді қолдана отырып кәсіби кейсті әзірлеу, презентациялау және талдау, кешенді практикалық құзыреттілікті көрсету (диагностика, түзету, профилактика, рефлексия).

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

1 – Модуль.

«Педагог-психологтың кәсіби қызметінің теориялық және инновациялық негіздері»

Өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесінде педагог-психологтың рөлі күрт артып келеді, себебі оқушылардың эмоционалдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуы маңызды факторға айналды. Педагог-психолог заманауи психологиялық тұжырымдамаларды, инновациялық әдістерді және цифрлық құралдарды қолдана отырып, білім беру ұйымында тиімді психологиялық қызмет көрсетеді. Модуль білім алушыларға бағдарланған, тұлғаға бағытталған, инклюзивті және психологиялық қауіпсіз орта құруға қажетті теориялық және практикалық негізді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Міндеттері:

- педагог-психолог қызметінің заманауи теориялық және инновациялық аспектілерін талдау;
- білім алушылардың эмоционалдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуын қолдауға арналған тиімді психологиялық әдістерді зерделеу;
- психологиялық қызметті тұлғаға бағдарланған және сараланған тәсілдер негізінде жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;
- эмоционалдық интеллект, сыни ойлау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған технологияларды меңгеру;
- инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық сүйемелдеу мен дербестендірілген қолдау тәсілдерін қолдануды үйрету;
- цифрлық ресурстар мен онлайн құралдарды кәсіби қызметте қолдану мүмкіндіктерін кеңейту;
- педагог-психологтың кәсіби рефлексиясы мен инновациялық ойлау қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтижелері:

Курс соңында тыңдаушы (педагог-психолог):

- педагог-психолог қызметінің заманауи теориялық негіздерін және инновациялық бағыттарын талдап, оларды практикалық қызметінде қолдана алады;
- білім алушылардың эмоционалдық, әлеуметтік және тұлғалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді психологиялық әдістерді таңдап, қолдана алады;
- психологиялық қызметті тұлғаға бағдарланған және сараланған тәсілдер негізінде жоспарлап, ұйымдастыра алады;
- эмоционалдық интеллект, сыни ойлау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық технологиялар мен жаттығуларды жүргізе алады;

- инклюзивті білім беру жағдайында білім алушыларға дербестендірілген психологиялық қолдау көрсетуді жүзеге асыра алады;
- кәсіби қызметінде заманауи цифрлық ресурстар мен онлайн құралдарды тиімді пайдалана алады;
- өз кәсіби іс-тәжірибесін талдап, рефлексия жасау арқылы инновациялық ойлау дағдыларын қалыптастыра алады.

Начало формы

Конец формы

Модуль тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
1.1-тақырып Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи психологиялық тұжырымдамалар және даму тенденциялары	Педагог-психолог қызметіндегі қазіргі психологиялық бағыттар мен әдістерді, олардың теориялық негіздерін және даму трендтерін талдау	Педагог-психолог қазіргі психологиялық бағыттар мен әдістерді, олардың теориялық негізін және даму тенденцияларын түсінеді және талдай алады
1.2-тақырып Білім алушыға бағдарланған психологиялық қызмет: педагог-психологтың заманауи рөлі мен кәсіби ұстанымы	Психологтың оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді психологиялық қолдау көрсету рөлін анықтау, кәсіби ұстанымдарын қалыптастыру	Педагог-психолог оқушыларға бағдарланған қызметті жүзеге асыра отырып, кәсіби рөлін және этикалық ұстанымдарын анықтай алады
1.3-тақырып Психологиялық қызметті тұлғаға бағдарланған және сараланған тәсілдер негізінде жоспарлау	Әрбір білім алушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес психологиялық қолдауды жоспарлау принциптері мен әдістемелері	Педагог-психолог жеке тұлғаға бағдарланған психологиялық қолдау жоспарын құра алады
1.4-тақырып Білім алушылардың эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған	Эмоционалдық интеллектті, тұлғалық дамуды және әлеуметтік бейімделуді дамытуға арналған психологиялық әдістер мен құралдарды қолдану	Педагог-психолог эмоционалдық, тұлғалық және әлеуметтік дамуды қолдауға арналған әдістерді тиімді қолдана алады

психологиялық әдістер		
1.5-тақырып Білім беру ұйымында психологиялық қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру	Психологиялық қауіпсіздік принциптерін жүзеге асыру, сынып және мектеп ортасында қолайлы психологиялық климат қалыптастыру жолдары	Педагог-психолог психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру принциптерін енгізіп, қолайлы психологиялық климат жасай алады
1.6-тақырып Білім алушылардың эмоционалдық интеллектін, сыни ойлауын және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту технологиялары	Оқушылардың эмоцияларын басқару, сыни ойлау және өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамытуға арналған практикалық әдістер	Педагог-психолог оқушылардың эмоционалдық интеллектін, сыни ойлауын және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға арналған практикалық әдістерді қолдана алады
1.7-тақырып Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық сүйемелдеу және дербестендірілген қолдау	Арнайы білім қажеттілігі бар оқушыларға психологиялық қолдау көрсету және инклюзивті тәсілдерді қолдану жолдары	Педагог-психолог инклюзивті білім беру жағдайында оқушыларға психологиялық қолдауды дербестендіріп ұйымдастыра алады
1.8-тақырып Педагог-психологтың кәсіби қызметінде қолданылатын психологиялық әдістер, цифрлық ресурстар және онлайн құралдар	Қазіргі психологиялық практикаларда цифрлық құралдар мен онлайн платформаларды тиімді қолдану тәжірибесі	Педагог-психолог психологиялық қызметте цифрлық құралдар мен онлайн ресурстарды тиімді пайдалана алады
1.9-тақырып Педагог-психологтың кәсіби рефлексиясы және инновациялық ойлауын дамыту	Психологтың өз кәсіби қызметін бағалау, тәжірибені талдау және инновациялық әдістерді енгізу жолдары	Педагог-психолог кәсіби рефлексия жүргізе алады, тәжірибесін талдап, инновациялық ойлауды дамыта алады
1.10-тақырып Психологиялық диагностика, бағалау	Оқушылардың психологиялық жағдайын диагностикалау, бағалау және мониторинг	Педагог-психолог психологиялық диагностика мен мониторингті заманауи

және мониторинг жүргізудің заманауи құралдары	жүргізуге арналған заманауи құралдар мен әдістемелер	құралдар арқылы жүргізе алады
---	--	-------------------------------

2– Модуль Вариативті. «Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі заманауи тәжірибелер».

Модульдің өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесінде педагог-психологтың кәсіби қызметі тек теориялық біліммен шектелмей, нақты практикалық тәжірибеге сүйенуі маңызды. Заманауи білім беру жағдайында оқушылардың тұлғалық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын тиімді қолдау үшін педагог-психолог инновациялық психологиялық әдістерді, практикалық технологияларды және цифрлық ресурстарды қолдана білуі қажет. Сонымен қатар, кәсіби қызмет барысында психологиялық қауіпсіздік, этика және құпиялылық қағидаларын сақтау маңызды. Осы себепті педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, практикалық дағдыларын жетілдіру және заманауи тәжірибелерді қолдану қабілетін дамыту бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылады.

Модульдің міндеттері:

- педагог-психолог қызметінде инновациялық психологиялық әдістер мен практикалық технологияларды зерттеу;
- психологиялық қауіпсіздік, кәсіби этика және құпиялылық принциптерін іс жүзінде қолдануды үйрену;
- цифрлық мәдениетті меңгеру және онлайн құралдарды кәсіби қызметте қолдану тәжірибесін қалыптастыру;
- заманауи тәжірибелер негізінде психологиялық қолдаудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау;
- педагогикалық және психологиялық практикаларды сабақтастыра отырып, кәсіби жағдайларды шешу дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтижелері:

Модульді меңгеру нәтижесінде педагог-психолог:

- инновациялық психологиялық әдістер мен практикалық технологиялардың ерекшеліктерін түсіндіріп, оларды нақты кәсіби жағдайларда мақсатты түрде қолдана алады;
- психологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, кәсіби этика және құпиялылық қағидаларына негізделген психологиялық жұмысты

ұйымдастыра алады;

– цифрлық мәдениет қағидаларын меңгеріп, онлайн платформалар, цифрлық ресурстар мен құралдарды психологиялық қызметте тиімді пайдалана алады;

– заманауи тәжірибелерге сүйене отырып, психологиялық қолдаудың тиімді әдіс-тәсілдерін талдайды және оларды таңдап қолдана алады;

– педагогикалық және психологиялық практикаларды ықпалдастыру арқылы кәсіби мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын ұсына алады;

– кәсіби кейстерді құрастыру, іске асыру және талдау негізінде өзінің практикалық құзыреттілігін дәлелдей алады.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
2.1-тақырып Педагог-психолог қызметінде инновациялық психологиялық әдістер мен практикалық технологияларды қолдану	Психологиялық практиканы жаңартылған әдістер мен технологияларды пайдаланып ұйымдастыру, нақты оқу жағдайларында қолдану	Педагог-психолог инновациялық әдістер мен практикалық технологияларды оқу процесінде тиімді қолдана алады; психологиялық қызметтің заманауи формаларын ұйымдастыра алады
2.2-тақырып Психологиялық қауіпсіздік, кәсіби этика, цифрлық мәдениет және құпиялылық қағидаттары	Педагог-психолог үшін кәсіби этика, ақпараттық қауіпсіздік, құпиялылық сақтау және цифрлық мәдениет қағидаларын меңгеру	Педагог-психолог кәсіби этика мен құпиялылықты сақтай отырып, психологиялық қызметті жүргізе алады; ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық мәдениет қағидаларын іс жүзінде қолдана алады

3 – Модуль. Микрооқыту. «Педагог-психологтың практикалық қызметі және кәсіби тәжірибе алмасу»

Модульдің өзектілігі: Педагог-психологтың кәсіби қызметінде теориялық білімді практикамен ұштастыру маңызды. Заманауи білім беру жағдайында практикалық дағдылар мен нақты тәжірибе оқушылардың эмоционалдық,

тұлғалық және әлеуметтік дамуын тиімді қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіби тәжірибе алмасу педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттырады, инновациялық әдістерді қолдануды дамытады және кәсіби қауымдастыққа интеграциялануға жол ашады. Осыған байланысты педагог-психологтардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіру және тәжірибе алмасу дағдыларын дамыту өзекті мәселе болып табылады.

Міндеттері

- педагог-психологтың кәсіби қызметінде микрооқыту және практикалық әдістерді қолдануды үйрену;
- кәсіби кейстерді әзірлеу, іске асыру және талдау арқылы практикалық дағдыларды жетілдіру;
- педагогикалық тәжірибе алмасу арқылы инновациялық әдістерді меңгеру және қолдану;
- психологиялық қауіпсіздік, кәсіби этика және құпиялылық қағидаларын практикада сақтау;
- өз кәсіби тәжірибесін талдау және рефлексия жүргізу арқылы кәсіби дамуды қамтамасыз ету.

Аталған міндеттерді меңгеру нәтижесінде педагог-психолог:

- микрооқыту технологиясын және практикалық психологиялық әдістерді кәсіби қызметінде жүйелі әрі мақсатқа сай қолдана алады;
- нақты кәсіби жағдайларға негізделген психологиялық кейстерді әзірлеп, оларды тәжірибеде іске асырып және нәтижелерін талдай алады;
- педагогикалық тәжірибе алмасу барысында меңгерген инновациялық психологиялық әдістерді әртүрлі жұмыс форматтарында тиімді қолдана алады;
- психологиялық қызметті жүзеге асыруда кәсіби этика, құпиялылық және психологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жұмыс істей алады;
- өз кәсіби іс-тәжірибесіне тұрақты рефлексия жүргізіп, оның нәтижелері негізінде кәсіби дамудың нақты бағыттарын айқындай алады.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
-----------------------	---------	------------

<p>3.1-тақырып Заманауи психологиялық әдістер негізінде педагог-психологтың кәсіби кейстерін әзірлеу, іске асыру және талдау</p>	<p>Психологиялық практикалық кейстерді құру, оларды жүзеге асыру және нәтижелерін талдау арқылы кәсіби тәжірибе жинау</p>	<p>Педагог-психолог кәсіби кейстерді әзірлей, іс жүзінде жүзеге асыра алады, нәтижелерін талдай отырып тәжірибе жинақтайды және кәсіби құзыреттілігін арттырады</p>
--	---	---

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау курстың барысында – формативті бағалау, сондай-ақ курсты аяқтағаннан кейін бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде әзірлеуші белгілеген формада жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Бұл практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесін орындау түрінде өткізіледі.

Формативті бағалау әрбір зерттелетін модульдер бойынша тест тапсырмаларын және тыңдаушылардың әртүрлі практикалық тапсырмаларды талдау, синтездеу, бағалау деңгейлерінде орындауын қамтиды.

Тапсырмалар, орындауға арналған ұсыныстар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру эталондары, тапсырмаларды бағалау критерийлері оқу-әдістемелік кешенге енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

Суммативті бағалаудемо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т.б. түрінде өткізілуі мүмкін.

Курс тыңдаушыларының жұмысы нәтижеге қарай бақылау және тест тапсырмаларын орындау, таныстырылымды қорғау, сондай-ақ арнайы тақырыптар бойынша берілетін практикалық жұмысты орындау деңгейіне байланысты бағаланады.

Қорытынды аттестация тестілеу түрінде өтеді. Жалпы сұрақтар саны – 15 тест тапсырмасын құрайды.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат курс бойынша қорытынды тестілеуінің кем деген ұпай санының 50% жинаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұндық пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A, -A	3,67 - 4,00	94 – 100	Өте жақсы
B, -B, +B, +C	2,33 - 3,33	74 – 85	Жақсы
C, -C, D, +D	1,00 - 2,00	50 – 65	Қанағаттанарлық
F	0,00	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін таныстырылым өткізіледі.

Мақсаты: педагог-психологтардың біліктілігін арттыру курсы барысында меңгерген басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін анықтау және олардың кәсіби даму деңгейін нақты бағалау. Бағалау келесі міндеттерді шешуге бағытталған.

Бағалау тапсырмасы:

- Тапсырма: Таныстырылым
- Ұзақтығы: 5–7 минут
- Слайд саны: 5-тен артық емес
- Міндеті: Оқу бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде

алынған білім мен инновациялық тәсілдерді қысқа презентация арқылы көрсету.

Бағалау критерийлері:

Критерий	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл
Дәлелдемелердің сапасы	Дәлелдемелер ұсынылмаған	Дәлелдемелер әлсіз	Дәлелдемелер күшті	Дәлелдемелер өте күшті, нақты және сенімді
Инновациялық тәсілдерді қолдану	Қолданылмаған	Әлсіз қолданылған	Қолданылған	Өте тиімді қолданылған

Құрылым мен логика	Жоспарсыз, түсініксіз	Әлсіз құрылымдалған	Жақсы құрылымдалған	Өте жүйелі, логикалық байланысы бар
Слайд мазмұны мен көрнекілігі	Мазмұн жоқ немесе жеткіліксіз	Әлсіз, ақпарат толық емес	Жақсы, негізгі ақпарат қамтылған	Өте көрнекі, қысқа әрі нақты ақпаратпен
Уақытты сақтау және жеткізу мәнері	Уақытты сақтамады, мәнері нашар	Әлсіз, уақытқа сәйкес емес	Жақсы, уақытқа сай	Өте тиімді, уақытқа сай және мәнері жоғары

Максималды балл: 15

Қорытынды бағалау:

- 0–5 балл: Қабілет төмен, қосымша қолдау қажет
- 6–10 балл: Орташа деңгей, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет
- 11–15 балл: Жоғары деңгей, модульді меңгергенін көрсетеді

9. Курстан кейінгі қолдау

Мұғалімдерін курстан кейінгі қолдауы 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең

Тақырыпты таңдау, кәсіби дамуының мақсаттарын анықтау, іс-шара әзірлеу кезінде куратордан кеңес беру. Кеңес беру электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), Zoom, Teams платформалары арқылы жүзеге асырылады.

2 кезең

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және тәжірибе алмасу.

3 кезең

Педагогтердің құзыреттіліктерінің дамуы мен кәсіби өсуін талдау және бағалау.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі ұсынылады. Олар осы тізімнен өздерінің жеке жоспарына қосылатын шараларды таңдайды.

№	Іс-шаралар	Аяқтау формасы
1	Тыңдаушылардың курстан кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде жоспарлау	Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде Google кестесінде жоспарлау
2	Жеке консультациялар өткізу	Консультация тақырыбы бойынша ұсыныстар
3	Педагог-психологтарға арналған іс-шараларға қатысу	Бақылау парағы
4	Педагог-психологтардың бастамасымен вебинарлар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
5	Педагог-психологтардың бастамасымен мастер-класстар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
6	Зерттеу нәтижелерін БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда жариялауы (оқытушымен бірге)	БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда мақала

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Ахметова С. А. Педагог-психолог қызметіндегі заманауи әдістер. – Алматы: Білім әлемі, 2024.
2. Қожахметова Л. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттерін дамыту. – Астана: Педагогика, 2023.
3. Сапарова А. Психологиялық қызметте инновациялық тәсілдер. – Алматы, 2025.
4. Тұрсынбаева Ж. Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог-психологтың рөлі. – Алматы: Білім, 2023.
5. Избасарова А. Ж. Балабақшадағы психологиялық қолдау мен педагогикалық әдістер. – Алматы: Білім әлемі, 2025.
6. Мамытханова Ғ. М. Педагогикалық психологиядағы жаңа технологиялар. – Алматы, 2024.

7. UNESCO. Early Childhood Education: Psychological Support and Development. – Paris: UNESCO Publishing, 2022.

Интернет-ресурс:
<https://www.unesco.org/en/education>

Қосымша әдебиеттер

8. Өтегенова М. Педагог-психологтардың кәсіби біліктілігін арттыру жолдары. – Алматы, 2021.

9. Ермекбаева Г. Педагог-психолог қызметінде цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесі. – Алматы: ҚазҰУ, 2023.

10. Садуақасова А. Психологиялық қызметте инновациялық тәсілдер мен ойын әдістері. – Астана, 2022.

11. Қанатова А. Ойын арқылы психологиялық қолдау мен оқыту әдістері. – Алматы, 2021.

12. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындау. – Педагогика ғылымдары сериясы, 2023.

Интернет-ресурс: <https://www.kaznpu.kz>

13. World Health Organization. Mental Health Promotion in Educational Settings. – Geneva, 2021.

Интернет-ресурс:
<https://www.who.int/teams/mental-health-and-substance-use>

14. OECD. Social and Emotional Skills for Education. – Paris, 2021.

Интернет-ресурс:
<https://www.oecd.org/education>

15. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Педагог-психолог қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2022.

Интернет-ресурс:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/oqu>

16. Педагог-психолог қызметіндегі заманауи тәжірибелер мен бағыттар. – ust.kz, 2025.

Интернет-ресурс: <https://ust.kz>